

Аныс хат

ZDIK TÁRBIESI

публикациялық ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы



**Ергай Рамаш
Әділбекқызы**

Қызылорда облысы, Арал ауданы, Түстісан елді мекені
№265 негізгі мектеп заңнамасына сәйкес орталық
Тәрбиесі

ÚZDIK TÁRBIESHİ

Республикалық ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы



**Ертай Рамаш
Әділбекқызы**

Қызылорда облысы, Арал ауданы, Үкпісай елді мекені
№265 негізгі мектеп жаңындағы шағын орталық
Тәрбиеші

Балалар: Койдың жүнін жабыстырады, қолдарын сүртеді. Жабыстырмалы қариналарды да жабыстырады.
Педагог: Балалар қойдан асықтар алынады. Ендеше сендермен асық ату ойынын ойнап көрейік.
Балалар: Асық ойнайды.
Педагог: Балалар қараңдаршы ғажайып ағаш бар екен, ендеше қолымызға көңіл күйлерді білдіретін смайликтерді алып, әжеге тілек айтамыз.
Балалар: Тілектер айтады.
Педагог: Балалар біз бүгін қайда болдық? Ауылда нелер көрдік? Табиғи өнімдерді ата?
Балалардың жауаптары:
Педагог: Әже сізге үлкен рақмет, біз балабақшамызға қайтамыз.
Әже: Сау болыңдар балалар!
Балалар: Сау болыңыз.
Назарларыңызға рақмет.

Ұлытау облысы, Қаражал қаласы
 “Балбөбек” бөбекжайы
 Тәрбиеші, Дефектолог
 Сатанова Улжан Шубаевна



БАЛАБАҚШАДА БАЛАЛАРДЫ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ТӘРБИЕЛЕУ

Бүгінде мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортаны таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу. Балаларды жеке және қоғамдық гигиеналық дағдыларына тәрбиелеу - олардың денсаулықтарын қорғауда тұрмыстық, қоғамдық мінез-құлықтарының дұрыс қалыптасуында маңызды арын алады. Қазақстандағы салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың денсаулығын сақтаудың аса қажет екендігін көрсетеді. Балабақша жұмысына денсаулық сақтау технологияларын енгізу қажетті заман талабынан туындайды.

Мектепке дейінгі мекемедегі білім беру процесінде күнделікті салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу тәрбиешілерге балалардың денсаулығы мен психоэмоционалдық көңіл-күйінің, денсаулығының, көз жанарларының жақсаруына және тәрбиелеудегі барлық шараларды саналы түрде ұстануы сұранысына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Салауатты өмір салты – бұл ең әуелі денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру қолындағы белсенді іс-әрекеттердің жиынтығы деп білемін. Адамның өмір салты өздігінен қалыптаспайды, ол салауатты өмір салтын ұстану дене қозғалыстарының белсенділігі, дұрыс толыққанды тамақтану, зиянды жат әдеттерден бойын аулақ ұстау арқылы адамның қалауымен, аталған шарттарды олық әрі уақтылы орындауымен қалыптасады. Балабақшадағы салауатты өмір салты жүйесіне мыналар кіреді: таңғы жаттығу, дұрыс әрі уақтылы тамақтану, сергіту жаттығулары, тыңыту, ойын ойнау және аса ауада серуендеу.

Мектепке дейінгі ұйымындағы шынықтыру-сауықтырудың негізгі міндеттері

